

## Метрополитеннің құрылышы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Окімі 1995 жыл 15 қыркүйектегі N 352

Алматы қаласының әкімшілігі мен СНС Лавалин Интернешнл ИНК (Канада),  
Гюриш Контракшн ИНК (Түркия) (бұдан байлай СЛИИ/Гюриш консорциумы)  
арасындағы 1995 жылғы 5 мамырдағы Ниет хаттамасына сәйкес қазіргі заманғы озық  
технологияны және жабдықтарды тарту есебінен Алматы метрополитенінің бірінші  
кезеңінің құрылышын жеделдету және аяқтау мақсатында:

1. Алматы қалалық әкімшілігі мен СЛИИ/Гюриш консорциумы арасындағы Алматы  
метрополитенінің бірінші кезеңін іске қосу кешенінің құрылышын аяқтау жөніндегі  
бірлескен жұмысы туралы 1995 жылғы 5 мамырдағы ниет хаттамасы мақұлдансын.

2. Алматы метрополитенінің құрылышын аяқтау жобасы мемлекеттік бюджеттен  
немесе үкімет кепілдемелерінен қолдау табатын мемлекеттік инвестициялық жобалар  
тізбесіне енгізілсін.

3. Жоғарыда аталған ниет хаттамасына сәйкес СЛИИ/Гюриш консорциумы жобаны  
қаржыландырудың сыртқы көздерін /ұзақ мерзімді жеңілдік кредиттерін/ іздестіру  
жөнінде өзіне міндеттеме алғындығы ескерілсін.

4. Алматы қаласының әкімі, "Алматыметроқұрылыш" АҚ-ы СЛИИ/Гюриш  
консорциумын тарта отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
Экспорт-импорт банкіне жобаны сараптамадан өткізу үшін қажетті материалдардың  
әзірленуін және ұсынылуын қамтамасыз ететін болсын.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

- жобаны сараптаудан өткісін және оның қорытындысын Қазақстан  
Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану  
жөніндегі комитетке ұсынсын;

- Алматы қаласының әкімімен және СЛИИ/Гюриш консорциумымен бірлесе  
отырып, шет елдердің қаржы институттарымен ұзақ мерзімді жеңілдік кредитін алу  
мәселесіне келіссөздер жүргізуге қатысатын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел  
капиталын пайдалану жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Экономика  
министрлігімен бірлесе отырып, сараптама қорытындысы жөніндегі тиісті шешімнің  
жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

7. Алматы қаласының әкімі осы өкімнің орындалуына бақылауды қамтамасыз етсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК